КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 10 тамыз №7119-23-00-2/7736 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев,
сот отырысының хатшысы Е.Қ.Бөріхан,
ашық сот отырысында ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Строймонтаж СКС» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі А.С.Бекмуханов,
жауаркердің өкілі С.К.Саримов;

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РМК) мен «Строймонтаж СКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №466 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖШС шартының талаптарына сәйкес орындаушы ретінде 2023 жылғы 15 маусымға дейін талап қоюшыға бағасы 3 292 800 теңге құрайтын түтін құбырын жөндеу жұмыстарын орындауға, ал РМК тапсырыс беруші ретінде

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А.Ғ., 17.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыстарды қабылдап алуға және олар үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес жұмыстарды орындамаған.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдады және оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі жұмыстарды қаржы сұрақтарға байланысты уақытында орындамағанын көрсетті.

Тараптарды тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерделей отырып, сот келесіге келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 15 наурызда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылдың 15 маусымына дейін.

Осыған орай, 2023 жылдың 17 шілдесінде тараптар арасында шарт бұзылған.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзғандығын анықтады.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 17.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Строймонтаж СКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

«Строймонтаж СКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Строймонтаж СКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А.Ғ., 17.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.09.2023, судья Смаилов А. Д., 19.09.2023